«Ер-Серік 2» жауапкершілі шектеулі серіктестігі

04.07.2018 жылы

Шығыс № 8

Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы Б.Көшербайға

«Ер-Серік 2» ЖШС-н
БСН: 030640001857

Мемлекеттік сатып алулар аясында.

Құрметті **Батырбек Көшербай мырза**, біз **«Ер-Серік 2» ЖШС-гі** "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті "Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Оңтүстік Қазақстан филиалы ұйымдастырушы болып табылатын конкурс **№ 2655400-1, лот №17311118-ОК3, № 17312468-ОК3** ашық конкурс тәсілімен өткен «3 жылға Арнайы техникаларды жалға алу қызметтерін сатып алу (қайта беру)» мемлекеттік сатып алу процессінде қорытындылар туралы хаттамасында ұйымдастырушы тарапынан **№ 2655400-ОК1 қорытындылар туралы хаттамаға** наразылық білдіреміз.

1) Анығырақ айтқанда жоғарыда көрсетілген сатып алу бойынша біз яғни **«Ер-Серік 2» ЖШС-гі** өтінім білдірген әлеуметті өнім берушілер арасында жеңімпаз деп танылған **"Лидер Инвест Строй" ЖШС-мен** тең баға берушіміз. Алайда ұйымдастырушы аталған лоттар бойынша жеңімпаз болып танылған **"Лидер Инвест Строй" ЖШС-гі** растаушы құжаттарын тиісінше ұсынбауына қарамастан шартты жеңілдік мөлшерін жоғары есептеп, біз яғни **«Ер-Серік 2» ЖШС-гі** екінші орын алған әлеуметті өнім беруші болып танылды.

Нақтылай айтқанда, шартты жеңілдік мөлшерін есептелінуі үшін ұсынылатын жұмыс тәжірибесінің растаушы құжаттары Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес айқындалады. Жеңімпаз болып танылған **"Лидер Инвест Строй" ЖШС-гі** жұмыс тәжірибесінің растаушы құжат ретінде **қосалқы мердігер «А.Р.Т. – Құрылыс» ЖШС-гі** арасындағы жұмыстарын көрсеткен. Айта кетсек *қосалқы мердігер арасындағы жұмыстың орындалуы жөніндегі құжаттар толық көрсетілмеген, жұмыстың орындалғандығы жөніндегі құжатта (акт выполненных работ (оказание услуг) №206 22.12.2016, №130 31.12.2017, №7 31.01.2018, №8 31.01.2018) тапсырыс беруші (заказчик) тарапынан қабылдап алынғандығы жөнінде қол қойылмаған, мөр басылмаған.* Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының конкурстық құжаттамасында *Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған*

жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны немесе орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды немесе сәйкестік туралы декларация ұсынады – деп айқын көрсетілген, яғни **"Лидер Инвест Строй" ЖШС-гі** жоғарыда аталған жұмыстарға жататын растаушы құжаттарын толық ұсынбаған. Осыған орай **"Лидер Инвест Строй" ЖШС-гі** жұмыс тәжірибесі мүлдем есептелінбеуі тиіс. Мемлекеттік сатып алулар заңы әлеуметті өнім берушілердің ұсынбаған құжаттарын толықтыру мақсатында заңды және жеке тұлғалардан сұрау салуға рұқсат етпейді және аталған әрекетті жасаған тұлғаларға әкімшілік жаза қолданылатындығы баршамызға белгілі. Және де ұйымдастырушы әлеуметті өнім берушінің біліктілік талаптарын (жұмыс тәжірибесін) тек қана мемлекеттік сатып алу вэб-порталына аталған сатып алулар бойынша ұсынған құжаттар аясында ғана айқындайтындығы белгілі.

2) «Ер-Серік 2» ЖШС-ң *Әлеуетті өнім берушіде ұлттық немесе халықаралық стандартқа сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуына* – **2 балды,** *Әлеуетті өнім берушіде ұлттық стандартқа экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуына* – **1 балды есептемеген.** Алайда бұл құжаттардың барлығы *Куәліктер,сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар бөлімінде Учредительные документы.rar құжатында Сертификат Менеджмент.JPG және Сертификат Экология.pdf* деген атаумен **ұсынылған, кез келген компьютерден ашылып тұр.**

Қорытындылай келгенде, жоғарыда көрсеткен заңды уәждерімізді ескере отыра, камералық бақылау жүргізіп **"Лидер Инвест Строй" ЖШС-ң** шартты жеңілдік мөлшерін растаушы құжаттарын тиісінше ұсынбауына байланысты есепке алмай, **Ер-Серік 2» ЖШС-ң** тиісті жеңілдік мөлшерін есептеуін, қорытындылар туралы хаттаманы қайта қарауға өтінім білдірген әлеуметті өнім берушілер арасында әділетті шешім қабылдап, заң шеңберінде ықпал етуіңізді сұранамын.

«Ер-Серік 2» ЖШС
директоры **Жанабаева М.Б.**

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ Ер-Серік ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ ОҢТҮСТІК КАЗАХСТАН ОБЛЫСЫ ШАРДАРИНСКИЙ Р-Н КАЗАХСТАН РЕСПУБ ОҚО ШАРДАРА АУДАНЫ